Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 6 маусым № 4712-24-00-2/1845 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «Жалпы білім беретін мектеп – гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жумашева К.К.» басшысы Жумашева Карлыгаш Камисбаевнаға

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «Жалпы білім беретін мектеп – гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Жумашева К.К.» басшысы Жумашева Карлыгаш Камисбаевнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жумашева К.К.» басшысы Жумашева Карлыгаш Камисбаевнаға – сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 07.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.07.2024, судья Аташева А. О., 15.07.2024
4712-24-3-1/1641

Жеке кәсіпкер «Жумашева К.К.» басшысы Жумашева Карлыгаш Камисбаевнадан мемлекет пайдасына 8 042 (сегіз мың қырық екі) теңге 18 (он сегіз) тиын тұрақсыздық айыбы, 2 087 (екі мың сексен жеті) теңге 26 (жиырма алты) тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 07.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2024, судья Аташева А. О., 15.07.2024

4712-24-3-1/1641